

**ISSN 2523-4684**  
**e-ISSN 2791-1241**

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ  
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY  
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ  
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми  
журналы

scientific  
journal

научный  
журнал

# ARTS ACADEMY

---

**4 (8) 2023**

Желтоқсан 2023  
Desember 2023  
Декабрь 2023

---

2022 жылдың наурыз  
айынан шыға бастады  
published since March 2022  
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады  
published 4 times a year  
выходит 4 раза в год

Астана қаласы  
Астана city  
город Астана

### **Редакциялық алқаның төрағасы**

**Асылмұратова А.А.** - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

### **Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары**

**Нүсіпжанова Б. Н.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

### **Бас редактор**

**Толысбаева Ж.Ж.** - филология ғылымдарының докторы, профессор.

### **Редакциялық алқа**

**Кульбекова А.К.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

**Саитова Г.Ю.** - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

**Ізім Т.О.** - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

**Жумасейтова Г.Т.** - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

**Казашка В.** - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

**Вейзанс Э.** - PhD (Латвия);

**Туляходжаева М.Т.** - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

**Фомкин А.В.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

**Дзагания И.** - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

**Таптыгова Е.** - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

**Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.**

**ISSN 2523-4684**

**e ISSN 2791-1241**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

**№ KZ77VPY00045494 куәлік.**

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 9, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2023**

### **Chairman of the Editorial Board**

**Asylmuratova A. A.**

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

### **Deputy Chairman of the Editorial Board**

**B.N. Nusipzhanova**

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

### **Editor-in-Chief**

**Zh.Zh. Tolysbaeva**

- Doctor of Philology, Professor.

### **Editorial Board**

**A.K. Kulbekova**

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

**G.Yu. Saitova**

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

**T.O. Izim**

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

**G.T. Zhumaseitova**

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

**V. Kazashka**

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

**E. Veizans**

- PhD (Latvia);

**M.T. Tulyakhodzhayeva**

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

**A.V. Fomkin**

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

**I. Dzagania**

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

**E. Tapytsova**

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

**Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography**

**ISSN 2523-4684**

**e ISSN 2791-1241**

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 9, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2023**

### **Председатель редакционной коллегии**

**Асылмуратова А. А.** - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

### **Заместитель председателя редакционной коллегии**

**Нусипжанова Б.Н.** - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

### **Главный редактор**

**Толысбаева Ж.Ж.** - доктор филологических наук, профессор.

### **Редакционная коллегия**

**Кульбекова А.К.** - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

**Саитова Г.Ю.** - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

**Ізім Т.О.** - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

**Жумасейтова Г.Т.** - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

**Казашка В.** - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

**Вейзанс Э.** - PhD (Латвия);

**Туляходжаева М.Т.** - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

**Фомкин А.В.** - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

**Дзагания И.** - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

**Таптыгова Т.** - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

**Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.**

**ISSN 2523-4684**

**e ISSN 2791-1241**

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 9, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2023**

М.К. Жумакулова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)

## МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫ – ҚАЙТАЛАНБАС ЖАРЫҚ ҚҰБЫЛЫС

### Аннотация

Мақалада Мағжан Жұмабаев поэзиясының құдіреттілігі, оқырмандарына көтеріңкі көңіл – күй, бойға қуат, жанға жігер, ойға серпін беретіндігі туралы жазылған. Өлеңдерінің ерекшелігі сол – жастардың бойындағы ұлттық рухты күшейтеді, отаншылдық сезімін арттырады. Жас ұрпақты батырлыққа, елін, жерін сүйге тәрбиелейді. Мағжанның барлық өмірі поэзиясында. Мағжан Жұмабаев – поэзия әлемінің жарық жұлдызы ғана емес, қазақ поэзиясындағы қайталанбас құбылыс екендігі туралы жазылған.

**Түйінді сөздер:** ақын, поэзия, сыршыл ақын, өлең, құдіретті, азаматтық рух, лирик ақын.

М.К. Жумакулова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)

## ПОЭЗИЯ МАҒЖАНА ЖУМАБАЕВА – НЕПОВТОРИМОЕ ЯВЛЕНИЕ

### Аннотация

Статья посвящена особенностям поэзии Магжана Жумабаева, поскольку его лирика дарит читателям не только приподнятое настроение, но и энергию для жизни, энергию для души, становится толчком для мысли. Сила его поэзии заключается в том, что она укрепляют в молодежи национальный дух и повышают чувство патриотизма. Стихи Магжана призывают молодое поколение быть храбрым, любить свою страну и землю. Вся жизнь Магжана – в поэзии. Магжан Жумабаев – не только яркая звезда мировой поэзии, но и уникальное явление в казахской поэзии.

**Ключевые слова:** поэт, поэзия, поэт-философ, стихи, всесильный, дух, гражданская лирика поэта.

M.K. Zhumakulova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Academy of Choreography  
(Astana, Kazakhstan)

## **MAGZHAN ZHUMABAYEV'S POETRY IS A UNIQUE BRIGHT PHENOMENON**

### **Annotation**

*The article tells about the power of Magzhan Zhumabayev's poetry, that it gives its readers an upbeat mood, energy for life and soul, and an impetus for the mind. The peculiarity of his poems is that it strengthens the national spirit of the young people and increases the feeling of patriotism. Encourages the young generation to be brave and to love their motherland. Magzhan's whole life is in poetry. It is written that Magzhan Zhumabaev is not only a bright star of the world of poetry, but also a unique phenomenon in Kazakh poetry.*

**Key words:** poet, poetry, mystery poet, poem, powerful, civic spirit, lyric poet.

**Кіріспе.** Мағжан Жұмабаев – поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін ХХ ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған». Мағжанның осындай қасиеттерін, ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазды [1, 4 б.].

**Зерттеу әдістері.** Мағжан поэзиясы – одан рухани азық алып, жандүниеніңді байытып, өмір құбылыстарына деген көзқарасыңды кеңейтіп,

қоршаған ортаның қыр-сырын түсінуге көмектесетін көркем дүние. Мағжан – сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын. Құбылмалы өмір күйінен өз әуезін таба білген ақын қашанда тек ұлтының керегін іздеп, мұңы мен зарын жоқтауға, қуанышын көркейтуге, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлауға берік бекінген. «Мақсаты тіл ұстартып, өнер шашпақ» болған ұлы ұстазы Абайша бар мақсаты ұлтының азаттық пен бостандыққа қол жеткізуі болған. Мағжанның алғаш жарық көрген өлеңінің өзінен-ақ ақынның кейінгі ұлы мақсаттары көзге шалынды. Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа дүние. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқилы екенін аңғарасың, терең эстетикалық талғамды сезінесің. Біз Мағжанды сыршыл ақын дегенімізде, көбіне оның махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдері төңірегінде ой қозғаймыз. Бірақ азамат ақын бұл тақырыптағы өлеңдерінде де азаматтық жүкті алға қояды. Біршама өлеңдерінде ол махаббат, сезіміне тән азығы емес, жан азығы ретінде қарайды. Ұлы күрестер жолында бойға қуат, күш берер рухани азық деп біледі. Ұлы сезімнен жаны гүлденген ақын ұлты үшін күреске нық сеніммен қадам жасайды.

### **Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу.**

Осы мақалада Ысқақұлы Д. «Поэзия падишасы» [1], Сүлейменов Ж. «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар...»[2], Бакаева М.М. «Мағжан Жұмабаев поэзиясының көркемдік әлемі» [3], Оспанова Г.Т. «Мағжан өлеңдеріндегі азаматтық рух, ағартушылық-демократтық сарын»[4], Қожаниязова А.Е. «Поэзия әлемінің жарық жұлдызы» [5] мақалары колданды. «Мағжан - ақынның ақыны». Содан да оның жырларын талдауға шеберлігін сынауға екінің бірінің жүрегі дауаламаған, білімі, күші жете бермеген. Бұған қасы мен досы қатар жүрген кезде де ешкім уәж айта алмаған. Қазақтың белгілі ағартушысы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында

Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз» – дейді, Мағжанды Пушкинге теңейді. Осы арада орыс халқының үлкен ақыны, ғалым В. Я. Брюсовқа телініп жүрген «Мағжан – қазақтың Пушкині» деген сөздердің нағыз авторы кім екенін айыруға болатын сияқты.

**Зерттеу нәтижесі.** Мағжан поэзиясының тіл кестесі, лирикасындағы сыр сезім тоғысы, суреткерлік пен ойшылдық оқырманын талай рет тамсандырып, небір дуалы ауыздардың ілтипатына ие болып, өзіне тәнті еткен. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нәрлі поэзия жасырып оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен.

Мағжан өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым бұғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен толғамдардың терең тұңғиығына сүңгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің, не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның құдіретті шеберлігін мойындайсың.

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге қанаттасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттерді көз алдыңа келтіреді. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауызы ғана сияқты көрінеді де, ақынның құдіретті шабытымен кестелеген түпкі мағына сурет болып санаға еніп, сезіміңді қалай билеп алғанын білмей де қаласың. «Жазғы жолда» деген өлеңінде ақын былай дейді:



Дала. Дала. Сар дала!  
Жапан түзде бір қара...  
Шілде. Оттай ыстық күн.  
Дала – өлік. Жоқ бір үн.  
Жер де жатыр тұншығып.  
Жол жыландай иірілед,  
Шаң ерініп, үйірілед.

Ешбір леп жоқ, тып-тыныш [3].

Қарапайым көріністер мол сырға ие болып, жол, дала, көк аспан, бұлт – бәріне де жан бітіп, адамның өзімен тілдескендей әсер қалдырады. Өзіміз оны көзбен көріп, құлақпен естігендей боламыз. Адам мен табиғат арасы ақын өлеңінде ажырамас бірлікте тоғысқан, яғни айнала өмір, ақынның оны қабылдауы сырлы сөз күшімен әсерлі сурет болып шыққан.

Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлттық тұрмыс-тіршілігін, өткенін жан-тәнімен сүйген ұлтшыл ақын. Өткен өмірдің жақсы жақтарын өлеңмен өрнектеуге келгенде ақынның қаламы жүйрік. Өлеңдерінің ұлттық идеяларымен суарылып отыруы – ақынның бүкіл поэзиясына тән өзіндік ерекшелігі.

Шын мәнінде елін, жерін сүйген адам ғана халқының патриоты бола алады. Олар халқына адал қызмет етіп, өмірін соған арнайды. Патриоттар елінде болып жатқан әрбір оқиғадан қалыс қала алмайды. Жақсы болса, халқымен бірге қуанады; жаманына күйзеледі. Мағжан да өзінің бар саналы өмірін туған халқына қызмет етуге арнаған шығармашылығымен елінің елдігін де, ездiгiн де жырға қосқан, сонысы үшін отқа да күйген, суға да түскен аяулы азаматтарымыздың қатарында көріне біледі.

Мағжан – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен өзінше жол табудан жалықпай, көп ізденген жан. Өлеңдеріндегі табиғат суреттері, оның тылсым шақтары ақын көңіл-күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп, Мағжан суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Сондықтан да бейнешілдікті ең шырқау биігінде көрсету үшін, ақын өз басындағы қайғы мен қасіретті, мұң мен зарды халық басындағы ауыр күндермен

астастыра жырлайды. Ол қандай сөз қолданса да талғап, ой таразысынан өткізіп, өлеңнің ішкі-сыртқы тұтастығының сай келіп отыруын көздеген. Өйткені оның өлеңдерінен басы артық, бос сөздерді кездестіре алмайсыз. Қай өлеңін алсаң да белгілі бір ырғақпен, әдемі әуезбен, сөз өнерінің сиқырлы әлеміне тарта береді. Сондықтан да Мағжанның «суретті, кестелі, көркем сөзі» ешкімге ұқсамас өзіндік өрнек.

Мағжан – қазақ поэзиясында өзіндік жаңашылдығы мен дәстүр қалыптастырған, соны ізденістері арқылы өзіндік өнерпаздығына ғана тән әдеби әдістер әкелген ақын. Ол қазақ лирикасына сыңғырлаған нәзік әуез нәрін құйып, ұлттық рухты ұлттық сезімнен қуат алған өзгеше үнмен жырлады.

Сүйіспеншілік – Мағжан поэзиясының өзегі, қаны, жаны, жүрегі. Оның «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Күміс нұрлы ай», «Шолпан», «Сүйгенім анық», «Хор сипатты қарындас», «Жас сұлуға», «Сәуле», «Гүлсім ханымға», «Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін» т.б. өлеңдерінде адам жанының сүйгеніне деген не бір тылсым сырлы әсем өрнек тапқан. Осы өлеңдерінің қай-қайсы болса да өзінше бір әлем, бір-бірін қайталамайды. Шетінен самалдай соғып, жібектей желпіп, жүректі тербетіп, ғажап бір күйге бөлейді. Ананы жырламаған ақын кемде-кем. Адам үшін өмірден қымбат еш нәрсе жоқ болса, сол өмірді сыйлаған – ана. Мағжан да ананы жырға қосқан. «Сүйемін» деген өлеңінде ол асыл анасын, сүйген жарын, өскен елін, туған жері Арқаны сүйетінін жырлайды. Осылардың ішінде ананы бірінші қояды.

«Күлдей күңгірт шашы бар,  
Тоқсан бесте жасы бар.  
Көз дегенің сұп-сұр көр.  
Тасбиық санап бүгіліп,  
Жерге қарап үңіліп,  
Көрше ауыр күрсінер,  
Менің бір қарт анам бар,  
Неге екенін білмеймін,  
Сол анамды сүйемін!» [3].

Ақынды ақын қылатын – сүйіспеншілік сезімдері. Ата-анасын, ғашық жарын, туған жерін, өскен елін

сүймеген адам ақын бола алмайды. Өзіне өмір сыйлаған анасын, ғашығын сүйіп өскен Мағжан туған жерін де, қазақ елін де жанымен сүйе білді. Ақынға туған жерден ыстық жер жоқ.

Сағымы сайран құрады,  
Бораны ұлып тұрады.  
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.  
Орманы жоқ, шуы жоқ,  
Тауы да жоқ, суы жоқ,  
Мәңгі өлік сахарасы.  
Сарыарқа деген жерім бар,  
Неге екенін білмеймін,  
Сол Арқамды сүйемін, – [3]

деп жырлайды ақын. Ақын туған жерін сол жерде кіндік қаны тамып, өмірге келгендігі үшін, есі кіріп, ержеткендігі үшін сүйеді. Мағжан үшін де өзі туған Сасықкөлден артық жер бетінде жер жоқ. Ақын көзімен қарасаңыз, «алыстан мұнарланып шалқыған көлдің» жағасындағы ауылда өткен өмір – романтика. «Туған жерім – Сасықкөл» атты өлеңінде ақынның туып-өскен ауылына деген ыстық махаббаты бүлкілдеп тұр.

Айдын көл ата қоныс құт болған көл.  
Сусын боп сұрағанға от болған көл.

Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,  
Бейне бір сенің басың сүт болған көл, – [3]

деп жырлаған туған жерінің ертеңі ақын жүрегін мазалап, тыныштық бермейді – етіп, өмірін соған арнайды. Патриоттар елінде болып жатқан әрбір оқиғадан қалыс қала алмайды. Жақсы болса, халқымен бірге қуанады; жаманына күйзеледі. Мағжан да өзінің бар саналы өмірін туған халқына қызмет етуге арнаған шығармашылығымен елінің елдігін де, ездiгiн де жырға қосқан, сонысы үшін отқа да күйген, суға да түскен аяулы азаматтарымыздың қатарында көріне біледі.

Ақын жырлаған сүйіспеншілік, туған жер, азаттық, оқу-білім тақырыптарындағы өлеңдерінің қайсысын алсаң да, терең ой мен тылсым сезімге толы. Оның шығармашылығында ағартушылық-демократтық сарында жазылған туындыларының алар орны зор. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін»,

«Күншығыс», «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым» атты бірқатар өлеңдерінен оның азаматтық рухы мен ағартушылық ой-пікірін аңғарамыз. Мәселен, «Қазағым» өлеңінде ақын:

«Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,  
Отырайық жиылып, ондалайық.

Мың жылғы еткен қуам деп ата заңды,  
Өнерден кеш қалармыз, ойланайық», – [4]  
деп, қараңғылыққа қамалған қалың елін өнер- білімге бет бұруға үндейді.

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін өнер-білім ашып жатыр», –

деген өлең жолдарында ол қазақтың өзге елдердің көшіне ілесе алмай, бар жақсылықтан құр қалып жүргенін өкіне жырлайды. Сонымен бірге ақын:

«Ер жігіт өнер табар ерте қуса,

Ерініп шаршамастай, белін буса» –[4]

дей келе, дамыл таппай еңбек етіп, шаршамай ізденсе, ер жігіттің өнер кілтін тауып, бақытқа қол жеткізетініне сенім білдіреді. Ал «Пайғамбар» өлеңіндегі өршіл ақынның:

«Күншығыстан таң келеді, мен келем,  
Көк күңіренеді, мен де көктей күңіренем,  
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,  
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем» – [4]

деген қуатты сөздері оның бойындағы азаматтық рух пен ертеңге деген сенімділікті дәлелдей түседі. Осы сарындас «Күншығыс» шығармасында ол түркі тектес халықтардың бәрінің болашағынан үміт күтіп, түбінде Шығыстың жарық сәулесінің Батыстың қара бұлтын сейілтетінін жеткізеді.

**Қорытынды.** Мағжан Жұмабаевтың ақындық табиғаты Абайға да, оның кейінгі ақындарға да ұқсамайды. Оның қайталанбас қолтаңбасы өзіндік, айрықша екені даусыз. Ақындық өлеңдеріне ден қоя оқып, жалпы ауқымына көз жібергенде, аса қалап, сүйіп жырлаған тақырыбы адам, «адамның кейбір кездері» деп Абай айтқандай, амадның ойы ішкі көңіл күйі екенін ұғамыз. Не жазса да, ең алдымен өз жүрегіне үңіледі, сол арқылы айналадағы әлемдегі білуге, өмір шындығын ұғуға ұмтылады. Егер шартты түрде өлеңдер тақырыбын жіктеуге тура келсе, туған

өлке туралы және адамның өмірдегі орны, бүкіл адамзаттың ар-ожданы хақында деп айтуға болады.

Мағжан өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым буғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен талғамдардың терең тұңғиғына сүңгіп, әсер суреттер дүниесіне кіресің. Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге астасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға келмейтін фантастикалық суреттерді елесетесің. Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа дүние. Мағжан Жұмабаевтың көпшілік қауым арасында машһүр ақын екені даусыз.

Мағжан – ұлтымыздың мақтанышы, халқымыздың бағына туған жарық жұлдызы. Мағжандай ақынның өлеңдерімен сусындап өскен ұрпақ – бақытты ұрпақ. Ол жастарға, яғни бізге, үлкен сенім артып, еліміздің атақ-даңқын шарықтататын жас ұрпақ екеніне кәміл сенген.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ысқақұлы Д. Мағжан – поэзия падишасы. – Алматы. Дәуір, 2020. – 256 б.

2. Сүлейменов Ж. Мағжан: Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар... // Интернет дереккөз: <https://dereksiz.org/mafjan-bjirsa-shira-sonbes-za-janar.html> (Қаралған күні 09.07.2016).

3. Бакаева М.М. Мағжан Жұмабаев поэзиясының көркемдік әлемі // Интернет дереккөз: Білім және тұлға 2018-01-11 <https://bilimainasy.kz/0%BA%D3%A9%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BC%D0%B4/> (Қаралған күні 01.11.2018).

4. Оспанова Г.Т. Мағжан өлеңдеріндегі азаматтық рух, ағартушылық-демократтық сарын // Интернет дереккөз: <https://bilim-all.kz/article/7713-Magzhan-olenderindegi-azamattyq-ruh-agartushylyq-demokratyq-saryn> (Қаралған күні 18.10.2018).

5. Қожаниязова А.Е. Поэзия әлемінің жжарық жұлдызы // Интернет дереккөз: <https://infourok.ru/poeziya-lemini-zhari-zhldizi-2427364.html> (Қаралған күні 05.01.2018).

### References:

1. Ysqaquly D. *Maǵjan – poezia padishasy*. – Almaty. Dáýir, **2020**. – 256 b. (In Qazaq.).
2. Súleimenov J. *Maǵjan: Buiyrsa, shyraq sónbes, uzaq janar...* // Internet derekkóz: <https://dereksiz.org/mafjan-bjirsa-shira-sonbes-za-janar.html> (Qaralǵan kúni 09.07.**2016**). (In Qazaq.).
3. Bakaeva M.M. *Maǵjan Jumabaev poeziasynyń kórkemdik álemi* // Internet derekkóz: Bilim jáne tulǵa 2018-01-11 <https://bilimainasy.kz/0%BA%D3%A9%D1%80%D0%BA%D0%B5%D0%BC%D0%B4/> (Qaralǵan kúni 01.11.**2018**). (In Qazaq.).
4. Ospanova G.T. *Maǵjan óleńderindegi azamattyq rýh, aǵartýshylyq-demokrattyq saryn* // Internet derekkóz: <https://bilim-all.kz/article/7713-Magzhan-olenderindegi-azamattyq-ruh-agartushylyq-demokrattyq-saryn> (Qaralǵan kúni 18.10.**2018**). (In Qazaq.).
5. Qojaniazova A.E. *Poezia áleminiń jjaryq juldyzy* // Internet derekkóz: <https://infourok.ru/poeziya-lemini-zhari-zhldizi-2427364.html> (Qaralǵan kúni 05.01.**2018**). (In Qazaq.).